



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

2023 жылғы сәуірдегі ҚР өңірлеріндегі инфляциялық үрдістер туралы

2023 жыл, 16 мамыр

Қазақстан Ұлттық Банкі ҚР өңірлеріндегі инфляциялық үрдістер туралы деректерді жариялады.

2023 жылғы сәуірде елде **жылдық инфляция баяулап, 16,8%**-ды құрады (наурызда – 18,1%). Аймақ бойынша қарасақ, инфляция барлық өңірде бәсеңдеді.

Жылдық инфляцияның ең жоғары мәні Маңғыстау, Солтүстік Қазақстан және Павлодар облыстарында тіркелді.

Сәуірде **азық-түлік** тауарларының бағасы ж/ж 17,9%-ға дейін (наурызда – 20,5%) баяулады. Осы топтағы тауарлардың бағасы Маңғыстау облысында (22,6%) барынша жоғары, ал Түркістан облысында (15,8%) мейілінше төмен өсті.

Азық-түлікке жатпайтын тауарлар бағасының өсу қарқыны ж/ж 18,2%-ға дейін біршама жеделдеді (наурызда – 18,1%). Ең жоғары мән Астана қаласында (26,4%), ең төмен мән Алматы облысында (16,2%) тіркелді.

Сәуірде **ақылы көрсетілетін қызметтердің** бағасы ж/ж 13,7%-ға дейін баяулады (наурызда – 14,4%). Бұл ретте Ақмола облысында (17,6) баға жалпы республикалық деңгейден біршама жоғары, Астана қаласында (9,8%) айтарлықтай төмен өсті.

2023 жылғы сәуірде елде **айлық инфляция 0,9%**-ға өсті. Бұл тарихи орташа мәннен (2017-2021 жылдары наурызда 0,6%) жоғары.

Толығырақ:
[regionah/rubrics/1977](https://www.nationalbank.kz/kz/news/inflyacionnye-tendencii-v-regionah/rubrics/1977)

[https://www.nationalbank.kz/kz/news/inflyacionnye-tendencii-v-](https://www.nationalbank.kz/kz/news/inflyacionnye-tendencii-v-regionah/rubrics/1977)

Толығырақ ақпаратты БАҚ өкілдері мына телефон арқылы ала алады:

8 (7172) 77–52–10

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz